

Аймақ жаңалықтары

Жаңа көпір мен жол айрығы салынады

Сырдария өзенінің сол жағалауындағы басты қалалық жолдың «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трассасымен түйіскен жерінде көлік жол айрығы салынып жатыр. Бүгінде 230 қада бұрғыланып, бетондалған. Жол айрығының құрылысы шамамен 15 мың адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.



Айта кетейік, Қызылорда облысындағы Қарпан учаскесінде көпір құрылысы жүріп жатыр. Қазіргі уақытта 20 қада бұрғыланып, бетондалған. Сонымен қатар ростверк құрылысы жүргізіліп, көпірдің кіреберіс жолдарына топырақ төсеу жұмыстары қызу жүруде. Әрі қарай асфальттың төменгі және жоғарғы қабаттары төселіп, учаске жол белгілері туралы ақпаратпен жабдыкталады.

Сондай-ақ Қазалы ауданындағы «Әйтеке би – Басықара», Жалағаштағы «Самара – Шымкент-Еңбек – Есет батыр – Жаңадария» және Жаңақорған аудандарындағы «Самара – Шымкент – Екпінді» автожолдарының бойындағы көпірлерді қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Жұмыс сапасы тапсырыс беруші мен техникалық қадағалаудың және «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМҚ-ның тұрақты бақылауында.

Қызылорда облысында жыл соңына дейін 37 автотол жобасы жүзеге асырылмақ, 2022 жылы аудандық маңызы бар жолдардың 122 шақырымы және облыстық маңызы бар жолдардың 85 шақырымы жөндеу жұмыстарымен қамтылады. Сонымен бірге 8 нысан бойынша құрылыс және реконструкция жұмыстары жүргізілуде.

Ел жаңалықтары

Азық-түлік бағасы 17 пайызға қымбаттады

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, жыл басынан бері елімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасы 17,4 пайызға қымбаттаған. 19 атауды қамтитын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары 2022 жылы 5 шілдедегі жағдай бойынша 17,7 пайызға қымбаттады. Бұл 2021 жылғы сәйкес кезеңнен 2,2 пайыздық тармаққа жоғары. Өткен аптада және ай басынан бергі кезеңге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағалар 0,2 пайызға, жыл басынан бері кезеңге 17,4 пайызға өсті.

Сонымен қатар бюро 5 шілдедегі жағдай бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының орташа бағасын ұсынды. Ресми дерекке сәйкес, елімізде бірінші сұрыпты ұнның 1 келісі 220 теңге тұрады. Бірақ елордада қымбат, яғни 264 теңге. Қазақстан бойынша күмшекердің орташа бағасы 1 келісіне 519 теңге болса, бірінші сұрыпты ұннан пісірілген нан 188, қарақұмықтың 1 келісі 501, сары майдың 1 келісі 3 256, 1 литр құнбағыс майы 824, сиыр етінің (жауырын-төс бөлігі) 1 келісі 2 200, тауық етінің 1 келісі 1 138, пастерленген сүттің 1 литрі 307, картоптың келісі 183, сәбіз 206, 10 дана жұмыртқа 369 теңгені құрайды. 2022 жылдың маусымында 2021 жылдың маусымымен салыстырғанда инфляция 14,5 пайыз болды.

АҢДАТПА

Иесіз ит-мысық: қорғау керек пе, қорғану керек пе?



Егінжай – 2022

Соңғы жылдары бізде ғана емес, әлем елдерінде сапалы азық-түлік тапшылығы байқалуда. Сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін және халықты сапалы табиғи өніммен қамтамасыз ету әлемнің кез келген мемлекеті үшін маңызды мәселеге айналды. Салдарына үңілсеңіз, тағы да себеп көп. Қазіргі нарық заманында бұл мәселенің біздің елімізді де айналып өтпейтіні анық. Сондықтан осы олқылықтардың алдын алу мақсатында ауылдық аймақтардағы егін егуге жарамды жерлерді тиімді пайдалану, бау-бақша өнімдерін өсіру жұмыстары қарқынды басталып кетті. Жалпы аграрлы мемлекеттерде жердің құнын сақтап, аяқ суды үнемдеп, тиімді пайдаланудың тәсілі ретінде егістікті әртараптандыру тәжірибесі бұрыннан бар.

Биыл көктемде Ақсу ауылдық округіне қарасты «Бостай», «Ақ бостай» жер учаскелерінен 10 гектар жер телімі дайындалып, бақша, көкөніс егуге ниет білдірген аудан тұрғындарына жер үлестірілген болатын. Сол жердің жұмыс өнімділігімен танысайық, еңбек адамдарының талап-тілегін тыңдайық деген мақсатпен біз де шығармашылық топпен «Ақ бостай» шаруа қожалығына тиесілі жер учаскесіне бардық.

Алқап қақпасына жақындай бергенде, қолына құрал-сайманын ұстап, қарықты аралап жүрген бір кісінің қарасы көрінді. Біз де көлігімізді өшіріп, сол қарыққа қарай жүріп отырдық. Алқаптағы егістің шығымы бітік, ар жағында күріш атыдары орналасса, оң жағында сап-сары болып гүлденген мақсары атызы, ортасында бау-бақша



Еңбегі ерен егінші

өнімдерін егуге берілген 10 гектар жер орналасқан. Атызды аралай қарап жүрген кент тұрғыны Асылан Жолдас екен. Биыл көктемде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бақша егемін деген халыққа жер беріп жатқанын естіген Асылан да дайын жер телімін алып, картоп тұқымын салыпты. Нәтиже жаман емес, қазір мамыр айында егілген картоп гүлдеп тұр.

– Картоп егуге дайын жер беріп жатыр дегенді естіп, неге егіп көрмеске деген ой келді. Бурын ағайын-туыстардың жерін жалға алып, картоп егетінбіз. Өткен жылы Жаңадария ауылынан жер телімін жалға алып, картоп егумен айналыстық. Жақсы өнім де берді. Бірақ биыл ол жаққа тұқым салмадық, шығыны көп болды, жолы ұзақ, мол көлемде жанармай қажет етеді. Шаруа қожалығына рахмет айтамыз, жерді жытып, басына аяқ суды да жеткізіп қойған, тек егін егіп, қарықтарды жабайы шөптерден тазартып тұрсаң болды. Судан не болмаса басқа да мәселер болып жатса, шаруа

қожалық әрқашанда көмектесуге дайын. Мен 20 қарық жерге 3 қап картоп тұқымын орналастырдым. Өздеріңіз көріп тұрғандай, өсімі жаман емес. Бір тиімділігі көп суаруды қажет етпейді, 10 күнде 1 рет қана суарып аламыз, – дейді Асылан Жолдас.

Қарап тұрсақ, 10 гектар жерге тек Асылан ғана емес, басқа да аудан тұрғындары картоп, қияр, қызанақ дақылдарын өккені көрініп тұр. Ауданымызда кейінгі кезде қалыс қалған жер еңбегінің, бау-бақша өсірудің қайта жаңғырып жатқаны, оның ішінде Асылан секілді жастардың осындай пайдалы еңбекке бет бұрып жатқанына біз де іштей қуандық.

Бақша бастау оңай шаруа емес. Оның ыстығына күйіп, суығына төзген адам ғана ырзығына бөленеді. Егу өз алдына, мол өнім алудың сырын білу мол тәжірибе қажет етеді. «Білмегенімді үлкендерден сұраймын, одан қысылмаймын. Бұйырса, картопты қыркүйектің соңына таман жинаймын. Қаптап алған картопты ішіп-жемнен артыл-

ғаның, алыс-жақын ағайынға үлестіремін» деген Асыланның қарқынына қарап, күзде алынатын өнімнің мол болатынына сенім мол.

Иә, бұл алқапқа бұған дейін де ат ізін салғанбыз. Несін жасырайық, ол кезде бізге бұл алқапқа су жарамай-тындай көрінген. Қазір ойлап қарасақ, баққанымыз бақа болып шыққандай көрінеді. Себебі Асекең мұнда осы кезге дейін аяқ су мәселесі орын алмағанын айтады.

Қазір мұндағы шығымы бітік өнімдердің алды гүлдеп тұр. Тек бір отап, түбін түптесе болғаны. Қалған жұмыстарды қазуға қалдыратын сыңайлы. Бұл жер мол егін егіп, оның өнімін сатып, табыс табу үшін ашылған жоқ. Бірақ оған да мүмкіндік жоқ емес. Бақша дақылдың бағасында тұрақтылық қалыптастыруға тамшыдай болса да бұл жобаның үлес қосары сөзсіз. Асылан да жаз бойы өткен еңбегінен үлкен нәтиже күтеді.

Жандос ЖАЗКЕН

Өңір өнімі

Нұржан Бахтиярұлының өзі де бұрын пластик есік-терезелер шығаратын цехта жұмыс жасаған. Жұмыста жиган тәжірибесі оның кәсіп бастауына айтарлықтай сеп болғанын жасырмайды. Қазір өзінің де бұл салада іс бастағанына 10 жылдан асыпты. Содан бері аудан орталығындағы «Нұр-Нұр Plast» кәсіпорны үздіксіз халыққа қызмет етіп келеді.

Мұнда негізінен шикізат облыс орталығынан жеткізіледі екен. Қазіргі таңда 4 адамды жұмыспен қамтып отырған өндіріс ошағының өніміне сұраныс жоғары.

Иә, қазір құрылыс маусымы екенін жақсы білеміз. Жаз басталғаннан қазан айының ортасына дейін құрылыс тоқтамайды. Пластик есік-терезелер әзірлейтін кәсіпорындар тауарының өтімдірек болатын тұсы да осы. Алайда Нұрекең өткен қыста да шағын цех жұмысы тоқтамағанын айтады. Де мек тапсырыс мол, ал оның бөрінің сұранысын қамтамасыз ету үшін, әлбетте кәсіпорын көкжиегі кеңею керек.

Кезінде қолда бар азын-аулақ қаражатпен жұмысын бастап кеткен шағын цехтың бүгінде шаруасы ширақ, Нұржан Узбаев бастапқыда мұнда құрал-саймандардың тапшылығы еңбек өнімділігіне айтарлықтай қолбайлау болғанын айтады. Алайда бұл мәселені шешуде кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың үлкен көмегі болыпты.

– Қолда бар қаражатпен цех ашып, жұмысты бастап кеттік. Алайда мұнда өнім шығаруда арнайы аппараттардың жоқтығынан біз тапсырыс көлемін қысқартуға мәжбүр болдық. Кейін мемлекеттік бағдарламамен 2 млн теңге шағын несие алып, цехты арнайы құрал-жабдықтармен жарақтандық. Қазір барлық тапсырысты қамтамасыз етуге цех қаунарлы. Біздің өнімге сұраныс та жоғары. Шикізат негізінен Қызылорда қаласынан келеді. Мұндағы мамандардың барлығы осы салада шираған кәнігі қызметкерлер. Бұйырса, кәсіпорын көкжиегін кеңейту жоспарда бар. Себебі тапсырыс уақыт өткен сайын өселенуде. Ал оның бар-



Шағын цех өніміне сұраныс жоғары

лығын қамтамасыз ету үшін біз өндіріс ошағының өрісін кеңейтуіміз керек, – дейді кәсіпорын басшысы.

Біз таңғы сағат 10.30-дан шағын цехтың басында жүріміз. Расында тапсырыс мол, көліктің бірі келіп, бірі кетеді. Бірі жаңа баспанасына жаңа есік-терезелерге тапсырыс берсе, енді бірі көне қоныстағы есік-терезелерін жаңарту қамымен келген. Расында өндіріс ошағының ғимараты тым шағын. Бір ғана аядай бөлмеде шикізат сақталады, өнім де сол жерде әзірленеді. Нұржан Узбаев бұйырса, өзі тұратын үйінің жанынан үлкен ғимарат салып, цехты сонда көшіруге талап қылып отыр. Бірақ оған әдеттегідей қаржы тапшылығы қолбайлау болған көрінеді. Мемлекеттік бағдарлама көмегіне де жүгінудің кемеі жоқ. Алайда әдеттегідей шағын несиеге қол жеткізу қазір мүң болып тұр.

– Мемлекеттік бағдарламамен пайыздық үстемақысы субсидияланған несиеге құжаттар тапсырдық. Бірақ несиеміз әзір болатын түрі жоқ. Тапсырыс өздеріңіз көріп тұрғандай, біздегі өнімге сұраныс жоғары. Өзіміз тұратын үй ауласынан үлкен ғимарат салу жоспарда бар. Егер несие шығып жатса, бұл жоспарды жүзеге асырамыз. Иә, сіздер қыста құрылыс тоқтады деп, біздің жұмысқа маусымдық деп баға беретін шығарсыздар. Алайда олай емес, шағын цех жұмысы 4 мезгіл тоқтамайды, – дейді «Нұр-Нұр Plast» кәсіпорнының басшысы Н.Бахтиярұлы.

Нұрекеңнің алдағы жоспары көп, егер шағын несие шығып жатса, мұндағы аппараттарды да жаңалауға ниеттеніп отыр. Мәселен, шағын цехтағы кескіш құралының өзі 2 қызмет атқарса, оны 5-6 функцияны бір өзі жүзеге асыратын алып аппаратқа

алмастырмақ. Мұндағы пластик есік-терезеге арналған үтік те дәл осындай. Мәселен, мұндағы үтікпен әр терезенің бұрышын әлгі аппаратқа салып тегістігін қамтамасыз етсең, қабырғаға орнатылған үтікпен есік-терезенің 4 бұрышын бір-ақ шығарасың. Бұл аппараттың бір өзі 2,5 млн теңге тұрады екен.

Қазір кәсіп бастауға дем беретін мемлекеттік бағдарламалар жетерлік, алайда жұмыс жасап тұрған осындай кәсіпорындар жұмысының ширауына һәм өрісінің кеңеюіне де көңіл бөлген жөн секілді. Бастысы шағын цехтың басшысында талап бар, өнімге де сұраныс мол. Ал оның бәрін қамтамасыз ету үшін және кәсіпорын көкжиегін кейтуге тағы да қаржылай қолдау қажет.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Кенеден сақтану – аса қауіпті аурудың алдын алу



Қазақтың көшпелі тұрмысындағы тәжірибелі іс – малдың қоныстанатын қорасын қыстаудан жайлауға көшкенде немесе жайлаудан қыстауға көшкенде көңін аударып кету. “Бұл не үшін?” деген сұрақ туындауы мүмкін. Әрине ата-бабамыз тегіннен-тегін бұлай істеген жоқ. Әрбір істің астарында терең мәң, тіпті философия жатыр деуге болады. Бұрынғының адамдары жазық далада күн көшкендіктен түрлі жәндіктерден қорғандық әдістерін жетік білді және оны тәжірибеде қолданды. Міне, біздің әңгіме басында айтқанымыз кенеден сақтанудың бір әдісі болатын.

Кене күн суықта жерге бір жарым метр тереңдікке дейін тұмсығымен өніп кете алады. Өйткені кене екі жағымен де дем алу қабілетіне ие. Ал жерді аударған кезде жерге тереңінен өніп кеткен кене топырақпен бірге бетіне қопарылып шығады да тірі қалмайды. Ал көшпелі халық келер жылы осы қонысқа қайта келгенде кене секілді жәндіктерден зардап шекпейді. Ал ауданның бас санитары Оразғали Аханов малды тоғытудың маңыздылығын айтады. «Бірақ кей жерлерде бұл әдіс іске асырылғанмен, оның тиімділігін аса көрмейміз. Өйткені біріншіден, малды тоғыту үшін арнайы қазылған шұңқырлардың іші тар өрі табанына суды ұстап қалатын цемент секілді құрылыс заттары қойылмағандықтан, кішкене шұңқырдың өзін сумен толтыру қиынға түсіп жатады. Өйткені топыраққа су сіңіп кетеді. Сосын мал тоғытылғаннан кейін де қауіпсіз, оқшауланған жерде белгілі бір уақытқа дейін тұруы керек. Үстіндегі кенелер суға тұншыққаннан кейін де бірден түсіп қала салмауы

мүмкін. Біртіндеп түседі ғой. Сосын сол жер толықтай дезинфекциялық тазалаудан өтуі керек.

– Бұл жерде қазіргі мал тоғытатын орындардың ағынды су емес екенін ескеру керек. Шұңқырға толтырылған су болғандықтан, кененің өлгеніне толықтай көз жеткізу керек, – дейді аудандық санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы.

Иә, қазіргінің адамдары үшін дәл ата-бабамыздың істегенін қайталау қиын шығар. Заманның да талабы бұрынғы көшпелі қазақ тұрмысындағы күйбенді көтере бермейтіні тағы бар. Бірақ адам үшін денсаулыққа аса мән беру қай дәуірде, қандай заманда өмір сүрсек те төмендемеуі тиіс. Өйткені денсаулық – бірінші байлық.

Газетіміздің өткен санында да кененің адам денсаулығына келтіретін қауіп турасында жазған едік. Қайтадан осы мәселеге оралуымыздың да себебі жоқ емес. Соңғы кезде кене шаққаннан тіркелген жағдайлардың өсуіне байланысты тұрғындарды

құлақтандырғанды жөн санадық. Сақтансаң, сақтайды дейміз ғой, сондықтан кез келген адам бір түйір дәннің көлеміндей ғана жәндіктің адам өмірін қиып жатқанын естіп, біліп тұрып, салғырттық танытпауға тиісті.

Ал қарапайым кенеден жұғатын конго-қырым геморрагиялық қызбасының негізгі белгісі науқастың басы қатты ауырып, дел-сал күйге түсіп, тамаққа тәбеті болмайды және дене қызуы көтеріледі. Терісіне бөртпелер шығып, инфекция салғаң шымшыған жерлерде терісі көгеріп, ауру белгілері пайда болады. Ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы мүмкін. Бұл дерттің қауіптілігі сол осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себепші болады екен. Кене шағу қауіптілігі кейбір кенелердің ағзасында осы ауруды тарататын вирустардың сақталуында жатыр. Кенелер адамға мал жайғау, малды сауу, сыртта бақша егу, отын-шөп дайындау, табиғатта дем алу, тағы сол сияқты жағдайларда жабысады. Өйткені қарап отырсақ, кенелердің шығу мерзімі де осы күз, жаз айларында. Дәл осы мезгілдерде адамдар кененің шағуынан зардап шегіп жатады. Табиғат аясына, саяжайға демалған сәттерде, яғни дененің киімнен ашық жерлерін мейлінше азайту керек.

Адам денесіне жабысып, қан сорып жатқан кенені тұмсық астынан жіңішке жіппен байлап асықпай, жұлқымай, кене мұртшаларын толық шығарғанша ақырын тарту керек. Егер кененің басы толық шықпай теріде қара дақ түрінде қалып қойса, өздігінен шығуын бақылау немесе емхана хирург дәрігеріне қаралу керек. Кенені жұлған соң қолды мұқият жуып, йод немесе спиртпен сүрту керек. Өйткені кейбір жағдайларда кенелер қан сору кезінде теріге патогенді вирустар жұқтырылған зәрін қалдыруы мүмкін. Табылған кенені жағып немесе қайнаған суға салып құртқан жөн.

Кенені жұлу да қауіпті, өйткені жұлу кезінде де кене басы теріде қалып кетеді де, ұлы сөлі адам ағзасына тарала береді. Кене шаққанда ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы мүмкін. Бұл дерттің қауіптілігі сол осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себепші болады екен.

Қарап отырғанымыздай, қарапайым ғана кененің өзі адам өміріне өте үлкен қауіп әкеледі. Бас санитар

қатаң түрде айтқан жоғарыдағы сақтық шараларын сақтанып жүру, барлығымыз үшін денсаулығымызға келетін зиянның алдын алуда көп көмегін тигізеді. Кеше ғана кененің шағуынан ауруханаға түскен жерлесіміз аурудың асқынуынан өмірімен қоштасқан болатын. Арты қайғылы жағдаймен аяқталған оқиғаның болғанына шамалы ғана уақыт өткенімен, тағы кенеден зардап шеккендер тіркелген.

Айналып келгенде ата-бабамыздың қаншалықты тазалықты ұстанғанын, түрлі кеселдерден қалай қорғанғанын, сақтанғанын айтпай кете алмаймыз. Әсіресе бұрында тікелей мал шаруашылығымен күнелткен халықтың осындай індеттерден аман болуы тұрмыстағы тазалығына, халықтың даналығына байланысты. Қазақтан асқан философ жоқ деп жатамыз. Мәселен, қыста қыстауда, жазда жайлауда, күзде күзеуде қоныстанған көшпелі халық о бастан кененің, жәндіктердің шағуынан болатын аурулардың алдын алуды білген екен. Қарапайым ғана мысал, кенені тек өртеу, отқа тастау арқылы көзін жоямыз. Басқалай кененің өлуі мүмкін емес. Ал енді атам қазақ тұрмысында түзден үйге оралғанда үйге еңбестен бұрын сыртқы киімдерін түгел отқа тастаған. Яғни отқа сілкігенде киімге жабысқан кенелер сырт-сырт өтіп отқа түсетін көрінеді. Сосын малдың үстіндегі кенелерден құтылу үшін төрт түлкіті тоғытқан. Малды суға айдап ары-бері өткізетін. Сонда суға тұншыққан кенелер теріден тұмсығын ажыратады. Осылайша ағыспен ағып кетеді де, мал терісі тазарады. Сосын барып жүнін қырыққан екен. Кенеден жұғатын аурулардан сақтанудың тағы бір түрі ол – мал қораны таза ұстау. Әсіресе мал көңінің ұзақ жатып қалмауын, қораның ылғалды болмауын қадағалау керек.

Жасыратыны жоқ, тұрғындардың басым көпшілігі өз денсаулығына немқұрайлы қарайды. Денсаулықты ауырған кезде емес, ауырмас бұрын, үнемі күту қажет. Адамға берілген күш-қуат пән әр ағза қалыпты тепе-теңдікте, күтіммен жұмыс істеген жағдайда, ағза да сізге ұсызмет ететін болады. Қазақ «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бекерден-бекер айтпайды. Басты байлық денсаулық екенін де естен шығармайық. Басқарма басшысының айтары да осы, денсаулық болмаса, ештеңе де болмайды.

Нұр НАУАН

Аудан жаңалықтары

Әкім кубогы сарапқа салынады



Жуырда аудан әкімі Асқарбек Есжановтың қатысуымен аудан әкімінің кубогына арналған шағын футболдан жазғы лиганың ашылу салтанаты өтті. Жарысты аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашып, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

Аяқдоп шеберлері арасындағы доданың негізгі мақсаты – бұқаралық спорт саласында аудан тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту. Шағын футболдан өтіп жатқан жарысқа көңт және ауылдық округтерден 10 команда, 200-ге жуық спортшы қатысуда.

Айта кету керек, аудан әкімінің кубогына арналған дәстүрлі шағын футбол 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап жүзеге асырылуда. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен спорттық шараға осы уақытқа дейін 90-ға жуық команда қатысып, 1080 спортшы қамтылды. Нәтижесінде жас аяқдопшылар өз өнерлерімен жақсы көзге түсіп, шеберліктерін шыңдап, аудан құрама командасында ойнауға мүмкіндік алды. Спортшыларымыз облыстық жарыстарда да алдыңғы қатардан көрініп жүр.

Кәсіпкерлер құқығы қорғалады



Облыс прокурорының орынбасары Дамир Қатаевтың қатысуымен ауданда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселесі бойынша жедел кеңес отырысы өтті. Кездесуге Қызылорда облысы прокурорының орынбасары Дамир Мөделбайұлынан бөлек облыстық прокуратураның басқарма бастығының орынбасары Руслан Жақсылықов, палатаның кеңес төрағасы Болат Нұрхожаев, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Дәулетбек Жәнібекұлы, Жалағаш ауданының прокуроры Шыңғыс Мадиұлы және тиісті сала басшылары мен аудан кәсіпкерлері қатысты.

Жедел кеңес отырысының күн тәртібіне сәйкес, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, бизнесіті қолдау, кәсіпкерлерді заңсыз тексерулерді болдырмау, ұзақ мерзімнен шешімін таппай жүрген мәселелердің заң тұрғысынан шешілуіне ықпал жасау жайы қаралды. Басқосуда жергілікті кәсіпкерлер тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныс-пікірлер ортаға салынды. Алдағы уақытта кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға байланысты аудан кәсіпкерлерімен дөңгелек үстел өткізуге және әр саланың мамандарын қатыстырып, кәсіпкерлердің тарапынан қойылатын сұрақтар мен ұсыныстарды ескере отырып, тұрақты түрде кездесулер ұйымдастырылатыны айтылды.



Бірқатар өнім бағасында өсім бар

Ауданда азық-түлік тауарлары бағаларының негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізілуде. Алтаның алғашқы күні де аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ғабит Ербол және аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұржан Есенәлиев аудандағы азық-түлік тауарлары бағаларының негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында кенттегі сауда нүктелеріне мониторинг жүргізді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрінің орташа бағаларына келсек, күріштің келісі 275 теңге, ұн 1 кг 194 теңге, қарақұмық жармасы 1 кг 575 теңге, нан 1 дана 85 теңге, рожки 1 кг 297 теңге, сыыр еті 1 кг 1900 теңге, тауық еті 1 кг 1250 теңге, сүт 1 литр 375 теңге, айран 1 литр 370 теңге, ірімшік 1 кг 1100 теңге, жұмыртқа 10 дана 350 теңге, сары май 1 кг 970 теңге, құнбағыс майы 1 литр 835 теңге, қырыққабат 1 кг 125 теңге, пияз 1 кг 285 теңге, сәбіз 1 кг 215 теңге, картоп 1 кг 185 теңге, қант 1 кг 675 теңге, тұз 1 кг 50 теңгені құрайды.

Қазіргі таңда азық-түлік тауарларының ішінен негізінен қымбаттап отырғаны қант, картоп, пияз, ұн өнімдері. Қостанай облысы (ұн), Түркістан облысы, Шымкент қаласындағы (қырыққабат, басты пияз, картоп, сәбіз) кәсіпкерлер бағаны қымбаттатуда. Жергілікті дүкен иелері бұл өнімдердің бағасындағы өсімді сонымен байланыстырады. Оның үстіне тасымалдау құны қосылып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасы жоғарылап отыр. Аудан кәсіпкерлері өздеріне келіп түскен азық-түлік өнімдеріне 10-12 пайыз аралығында үстеме қойып, жергілікті тұрғындарға сатуда. Жалпы аудан бойынша азық-түлік өнімдері бағасын тұрақтандыру мақсатында күнделікті мониторинг жұмыстары өлі де жалғасын табады.

«ЖЖ» ақпарат

Мәжіліс

Әншейінде ауыз суды «Көнігі қара су» деп қоямыз. Сылдыр сөзбен айта салғанда ойланбаймыз, бірақ сол өзіміз айтатын көнігі қара судың да сұрауы барын түсіне бермейміз. «Судың да сұрауы бар» деген даналықты тікелей мағынада түсініп көрелікші бір сәт. Сусыз өмір жоқ екенін теорияда керемет білеміз. Ал іс жүзінде сол тіршілік көзі суға деген құрмет жоғалды десем, артық айтқаным емес. Бұл сөзімізге қазіргі ел арасында айтылып жүрген ауыз судың жетіспеушілігі дәлел бола алады. Осыдан бірнеше жыл бұрын ауданға қарасты барлық елді мекен тұрғындары үшін ауыз су мәселесі шешімін тауып, үйді-үйге кіргізілген еді. Бұл туралы жарыса сүйіншіледік, ел үшін қуандық. Бірақ мәселенің оң шешімін табамыз деп, тағы бір мәселе жамап алған сияқтымыз. Тарқатып көрелік...

Тәулік бойы берілетін болады деген ақжолтай хабар қазір өз салмағын жоғалтып тұр. Өйткені күндіз әп-әдемі ағып тұратын ауыз су кеш батқаннан сығырайып, кейде тіпті өшіп қалады. Әліптін артын бағып қарасақ, мәселені өзімізге өзіміз жасап отыр екенбіз. Яғни ауыз судың жетіспеушілігіне тұрғындардың суды мақсатсыз пайдалануы себеп болып тұр. Екінші бірінші есік алдында бау-бақшасы бар екенін білеміз. Енді көгерген көк түнінегін шыжыған күнге қақтап күйдіріп, қураып қоймайды ғой?! Амал жоқ үздіксіз берілетін ауыз суды пайдалануға тура келеді. Бірақ елдің бәрі тұтықылдан тап беріп, ауыз суды тікесінен тартып алып отыр дей алмаймыз. Кейбірі көш қарайғанда немесе түн мезгілінде бақшасын суару үшін үйіне кіріп тұрған суды тұтынады. Осыдан барып басқаларға баратын ауыз судың қысымы азайып, кейде тіпті өшіп қалып жатады. Елдің талап-тілегінен әбден шаршаған болуы керек, тиісті мамандар су тапшылығы жайында сауал жолдасансыз болды, көңілдері күпті болады. Олардың де жөн, мәселен, аудан халқы қыс айларында күніне 1500 метр куб ауыз су тұтынса, күзде 1800 метр куб жалағаштықтарға жетеді екен. Ал жазда жергілікті тұрғындар күніне 5 мың метр кубқа дейін ауыз су пайдаланып отыр. Рас, Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы мекемесі мамандарының айтатынындай бар, ауыз суды мақсатсыз пайдалану салдарынан туындап отырған мәселе биыл бірінші рет болып тұрған жоқ. Қазір тек жаз айында халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде жалағаштық мамандар 3 жылдан бері осы мәселемен бетпе-бет келуде. Мәселенің мәніне үңілесек, тағы да тұрғындардың ауыз суды мақсатсыз пайдаланып отырғанына көзіміз.

Аптаның жұмасында аудандық мәдениет және өнерді дамыту орталығында осы мәселе төңірегінде және ауыз су тарифтерінің жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өтті. Айта кету керек, «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының суды магистральдық құбыр жолдары және таратуды жөгілер арқылы беру қызметтері бойынша тарифтерді және тарифтік сметаларды бекітуге өтінімдер келіп түскен. Соның негізінде филиалдың өтінімі уәкілетті органдар белгілі мерзімде қаралу үстінде. Онда филиалдың жобалық орташа босату тарифі 1 текше метрге суды магистральдық құбыр жолдары арқылы беру қызметіне 956,74 теңгеге, суды таратуды жөгілер арқылы беру қызметіне 871,89 теңгеге ұсынылған. Бұл тұрғыда алдағы уақытта тиісті салада бірқатар өзгеріс орын алмақ. Мәселен, «Шикізат және материалдар», «Жанар-жағар май», «Энергия», «Жалақы», «Әлеуметтік сала», «Ағымдағы жөндеу» сияқты басқа да баптар бойынша түзетулер енгізу қарастырылуда. Ауыз суға байланысты өткен жылында осы мәселелер төңірегінде сөз болып, тұрғындардың бірқатар сауалына жан-жақты талдау жасалды.

Бұл жиында да күн тәртібіндегі мәселеден бөлек, ауыз судың тапшылығына қатысты әңгіме болды. Су жетіспеушілігіне байланысты сала мамандарының айтары сол, ауыз суды мақсатсыз пайдаланудың салдары осындай қиындық туғызуда. Иә, кейбір тұрғындардың ауыз суды өз мақсатымен пайдаланбауы, яғни бақша суару, құрылыс жұмыстарына пайдалануы тіпті мамандар тұлғасына айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Мәселен, қоймада судың тасуылынан бөлек насостардың істен шығуы да орын алыпты. Ал тұрғындардың айтарына құлақ түрсек, тағы бір мәселенің ұшы



Қиындықты қолдан жасап отырмыз ба?

шығады. Яғни аяқ судың жоқтығынан ауыз суды пайдалануға мәжбүрміз деген жандардың жанайқайына тағы көз жұма алмаймыз.

Дегенмен кез келген мәселе шешімімен демекші, бұл қиындықты өзіміз қалай жасап отырсақ, солай оның шешімін табуға да болады. Ол үшін барлық тұрғын үй су есептегіш құралын орнатуы керек. Кезінде жаппай су есептегіш құралын орнатты дегенімізбен, бұған салғырт қарап, ауыз суды онды-солды пайдаланып отырғандар да бар екенін білдік. Көнігі қара суға да зар болуымыздың негізгі себебі осы. Бағана бұл мәселе ауданда биыл бірінші рет орын алмағанын айттық. Былтыр да, алдыңғы жылы да оған аудандағы ауыз суға жауапты мамандар тосқауыл бола білді. Былтыр аудан халқы ең көп дегенде тәулігіне 4000-4500 текше метр куб ауыз су пайдаланған. Ал биыл жағдай мүлде күрделеніп отыр. Күнделікті өмірде пайдаланатын ауыз су көлемі уақыт өткен сайын ұлғайып келеді. Яғни мәселе де күрделене беретіні анық.

Жалағаш кентінің халқы бүгінде тәулігіне 2040 текше метр куб ауыз су тұтынады. Яғни жан басына 143 литрден келіп отыр. Ал ауылдық елді мекендер бойынша Мәдениет көш бастап тұр. Мұндағы жергілікті тұрғындар күніне 600 текше метр куб ауыз су пайдаланады екен. Жан басына шаққанда 310 литрден көледі. М.Шәменов ауылында да дәл осындай жағдай. Яғни ауыл тұрғындары тәулігіне 280 текше метр куб ауыз су тұтынады. Жан басына

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

ҚҰЖАТ

Қоразбай молда

Ғасырлардан бері бабаларымыздың аңсап келе жатқан, арман болған тәуелсіздігіміз, бостандығымызды алғанымызға міне, биыл 31 жыл толмақ. Ұлан-байтақ жерімізді көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, көзінің қарашығындай сақтап, бізге мұра қылып қалдырған қазақтың хандары, би-батырлары мен халықты имандылыққа шақырған дін өкілдерінің қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы үшін атқарған еңбегі зор. Тәуелсіздік арқылы дербестікке, әлемдік өркениетке кең жол ашылды. «Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер» дейді қазақ мақалы.

Сыр өңірі ежелден ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің, өнер мен мәдениеттің киелі мекені болып табылады. Киелі топырақты мекен еткен батырлармен қатар ахун-ишаң, кәппе, әулие-әмбие, молдалардың орны бөлек.

"Жақсы адамның аты, тірі күндегі істеген жақсы істері ерліктері ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ешқашан ұмытылмайды және халық жадында мәңгілік қалады. Қазағым көшегі Кеңес заманында ата-бабамыздың беріп кеткен дәстүрлі Ислам дінін ұмыта бастап, қазақтың кең даласында көптеп салынған аспандап тұрған ахун-ишаң, әулие-абыз, молдалар аттарын ұмытып, теріс бұрылып, кесенелерін аяусыз құлатып келдік қой.

Ислам дінін мойындамаған жаңа үкімет Кеңес билігі тарапынан қуғын-сүргін көргеніне қарамастан халықты имандылыққа шақырып, дінді деріптеген сондай кісілердің бірі XIX ғасырдың аяғында Жалағаш ауданы аумағында туып, сол ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, елге игі істерімен, елді имандылыққа шақырумен аты қалған белгілі молда болған Қоразбай молданың атына қанықпын. Үлкендерден естігенім халық ол кісіні әулие деп атаған. Ел көне көз қарияларының айтуы бойынша ол құран көрімді жатқа біліп, мағынасын қазақшаға аудара білген, шариғатпен жақсы таныс, белгілі ислам дінін насихаттаушы, діни ғұлама болған. Кеңес үкіметі тарапынан қуғын-сүргінге іліксе де халық арасында ислам дінін деріптеп, уағыздап, ересектер мен балаларға дәрістер беріп, халық сауатын ашқан.

Жалағаш ауданында Қоразбай молданың атымен байланысты екі мешіт халыққа қызмет еткен екен. XX ғасырдың басында Қаракеткен ауылынан 35 шақырым жерде салынған мектеп-мешіт болған. Кеңес үкіметімен мешіт жұмысын тоқтатуына "Қарақұм көтерілісі" мен дін өкілдерінің қудалануы себеп болған. Мешіт басында мал бордақылайтын, басқа да мақсаттарда пайдаланылып, кейін жартылай бұзылса да жақсы сақталған. Мешіт орналасқан жер халық аузында және Жалағаш ауданы елді мекендер карталарында әлі Қоразбай атымен аталады. Мешіт жабылғаннан кейін Қоразбай атамыз ұлдары Ысқақ, Құлмағанбетпен бірге Жалағаш кенті бүгінде Бұқарбай батыр көшесі №72 үй ауласында орналасқан екінші мешітке келіп халық дінді дәріптеуді жалғастырған.

Кеңес үкіметі тұсында қазіргі Жалағаш кентінде халыққа қызмет істеген «Иманқұл» мешіті жабылып, жаңа үкіметпен әртүрлі мақсатта пайдаланылған. Сол тұста халық Қоразбай молданың екінші мешітін пайдалана бастайды.

Қоразбайдың Қаракеткендегі мешіті ел жайлауға Қарақұмға көшкенде халыққа қызмет істесе, екінші Жалағаштағы мешіт ел қыстауға көшіп келгенде халыққа қызмет істеген. Жалағаш аудандық мұражайдың ғылыми қызметкері, журналист Марат Ақымыраулы Шөмекевтің зерттеуі бойынша, Қаракеткендегі Қоразбай мешіті 1928 жылға дейін жұмыс істеген. Қазір өзі тұрып жатқан Бұқарбай батыр №72 үй ауласында орналасқан мешіт бақшада "Г" әрпі тәріздес формада салынған екен, оны іргетасы арқылы білуге болады.

Іргетасы дәу қойтастардан қаланған, әлі күнге дейін тастары табылуда. Екі адам ерең дегенде көтеретін дәу тастар 1887-1906 жылдар аралығында салынып, Жалағаш станциясы арқылы өтетін темір жолдарға пайдаланылған тастар екен. Қоразбай атаның өз қолымен егілген екі ғасырдың куәсі болған дәу қара тал әлі жайқалып тұр.

Бұл мешіт 1930 жылдары үкімет органдарымен мешіттер жабылғаннан кейін де халыққа қызметін тоқтатпаған. Ұлы Отан соғысы кезінде неке қию, жұма намаздар өткізу, соғыста қаза болғандардың жақындарының қатысуымен жаназаларын шығаратын бірден бір Алла үйіне айналған.

Мешітте Қоразбай атамыз екі ұлымен бірге қызмет жасап, кейін Құлмағанбет ұлының билік өкілдерімен ұсталып, 3 жылға сотталып Қызылорда қаласына жолдануына байланысты Әмірқұл Табын Бекқұлұлы болыстың қызы Қазына әжемізге тастап кетеді. Қоразбай молда жергілікті билікпен жер аударылып, Қызылорда қаласы жанындағы қазіргі Қызылжарма, бұрыңғы Төнтөк Өзек, Комсомол ұжымшарына көшіп барып, діни жолын, сырқаттанған адамдарды әртүрлі шөптермен, ішірткімен емдеуін жалғастырған. Көнекөз қариялар ол кісінің ерекше қасиеттерін айтып отыратын.

Қоразбай молда туралы деректер Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Х.Ғабжалиловтың бастамасымен «Алаш» тарихи-зерттеу орталығымен (Алматы қ. 2006 ж.) «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» жинағының 2 кітабында (121 б.), тарих ғылымдарының докторы А.Қалыштың (Алматы қ. 2016 ж.) Табын шөжіресінде (117б.), Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Ахат Жанаевтың 2007 жылы шығарылған «Бұқарбай батыр» жинағында (273 б.), Жалағаш ауданының 70 жылдығына орай 2009 жылы Алматыда шығарылған «Шежірелі Жалағаш» атты кітабында (218 б.) келтірілген.

Қазақта «Әулие – Алланың досы, Пайғамбардың мирасқоры, ғалымдардың ақылшысы, хандардың пірі, адамдардың ұстазы» деген сөз бар. Дана халқымызда «Молдамен жолдас болсаң намазсың қаза болмас, ұрымен жолдас болсаң қазаның таза болмас» деген де халықтың имандылыққа шақыратын ұлағатты сөздер бар. Қоразбай атамыздың ұлдары Ысқақ, Құлмағанбет те Кеңес үкіметі тарапынан қуғын-сүргін көргеніне қарамастан әкелері сияқты Қызылорда облысы көлемінде елді имандылыққа шақырып, халықтың діни сауатын ашып, балаларды сүндетке отырғызып, басқа діни шараларға қатысқан белгілі ағартушы, діндар кісілер болған.

Қоразбай мен оның екі ұлы Ысқақ, Құлмағанбеттің елде жақсы аттары қалды, олар өздерінен кейін жақсы, елге тіпті бүкіл қазақ еліне үлгі болатын ұрпақ тәрбиеледі. Қоразбайдың Мария атты қызынан кезінде 1962-1980 жылдары Қазақ КСР Ішкі істер министрінің орынбасары лауазымын атқарған милиция генерал-майоры Нұрылла Әлмағанбетов туған. Қоразбай молданың інісі Оңғарбайдың келіні, ұлы Әміренің зайыбы кезінде бірнеше рет Қазақстан атынан майдан даласына азық-түлік, киім-кешек апаруды ұйымдастырған, Мәскеуде өткізілген Қазақстанның мәдени он күндігіне республика өңші, биші, композитор, өнер ұжымдары мен қайраткерлері делегациясын басқарып барып, Кремльде КСРО жоғары басшыларының қабылдауында болып, оң баға алған. 1938-1955 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес төралқасы Төрағасының орынбасары лауазымын атқарған Шекер Ермағанбетова.

Қоразбайдың тағы бір інісі Оңғарбайұлы Әлмағанбеттен Жалағаш өңіріне белгілі Орынбасар, Орынбек, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Тұнымқұл Әлмағанбетова тарады. Қоразбай молданың Құлмағанбетінен тарайтын немересі – жауынгерлік "Қызыл Жұлдыз", "Отан соғысы" ордендерінің иегері, өңірімізге белгілі сот, партия, кеңес, кәсіподақ ардагері Асан



Қоразбаев. Қоразбайдың інісі Мergenбайдың немересі елімізге белгілі мемлекеттік қайраткер, Қазақстан сотының ардагері, бұрынғы сенатор Жалағаштың Қаракеткенде дүниеге келіп, бастауыш мектебінде білім алып, елмен байланысын үзбей, көптеген игі іс-шараларға қатысқан, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы атағына ие болған Иран Әміров.

Ұрпақтар сабақтастығы жалғасуда. Қоразбай молданың шөбересі заңгер-журналист, полковник Хұсайын Қоразбаев елдегі іс-шараларға белсене араласып, мұрындық болып атсалысып жүрген белгілі азамат. Ол елге белгілі іні-қарындастарымыз Қожахмет Баймаханов пен Райқұл Байназаровамен бірге Сыр елінде Бұқарбай батырдың 200 жылдығын өткізуді, Нұр-Сұлтанда батырдың атына көше берілуіне байланысты іс-шараларды өткізуге атсалысты. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қалыш Аманжолдың төрағалығымен шығарылған Табын руының 6 томдық шөжіресіне республика бойынша деректер жинақтауға атсалысты. Қызылордалық жерлестермен бірге жыл сайын Жалағаш ауданында "Мектепке жол" қайырымдылық акциясын өткізуді, 2021 жылы Жалағаш кентінде ашылған жаңа мешітке аздаған қаржылық көмек көрсету мен көгалдандыру жұмыстарың, сонымен қатар өткен жылы Қаракеткенде өрт салдарынан үйі толық өртеніп кеткен Сқақов Нұрадин отбасына киім-кешекпен, қаржылай көмек көрсетуді ұйымдастырды.

Ысқақ молданың ұлдары Құдайберген мен Тәңірбергеннің де аттары елге жақсы таныс. Осы жолдардың авторы Ысқақ молданың қызы Базаркүл мен өткен ғасырдың, елуінші жылдары №31 мектепте бірге оқыған, баласы Тәңірбергенмен сексенінші жылдары Жалағаш кентінде көрші тұрған еді. Милиция ардагері Ысқақов Тәңірберген мен Әмірқұл аталықтарын шыққан белгілі батыр Қайқы Бекжанының немересі Сәннен тарайтын республикамызға белгілі қаржыгер, банк саласында басшылық лауазымдар атқарған Сәкен Ысқақов Бұқарбай батырдың 200 жылдық тойында қомақты түрде қаржылық көмек көрсетіп, ел-ұқыласына бөленген болатын. Бір сөзбен айтқанда, бір кездерде қиын-қыстау заманда Қоразбай ата мен оның ұлдары Ысқақ, Құлмағанбет тек өзінің қамы үшін емес, халқының қамын ойлап, бүгінгі Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласы тұрғындарының ата-бабаларына аддалдықпен қызмет етсе, олардың бүгінгі ұрпақтары да елге қызмет істеп, халықтың ақ батасын алып, ел тарихында аттары қалған. Әкінішке орай Қоразбайдың халық аузында жүрген бірнеше ғана кереметтері сақталыпты.

Белгілі мемлекет қайраткері Иран Әміров еске алатын еді: Үлкендерден естігенім, бірде ол кісінің құрдастарының бірі «сіз періптермен жолдас екенсіз ғой» деп әзілдесіп қоймапты. Шамасы шамына әбден тиген болар, бір кезде Қоразбай атамыз әлгі кісінің үстің, айналасын үлкен қап-қара түнкке айналдырып жіберіпті. Әлгі кісі қалтырап, дірілдеп, бүкіл денесі қара терге түсіп, атамыздың аяғына жығылып, жалынып, жалбырынып көшіріп сұрағаннан кейін ол кісі райынан қайтып қара түнкті сөйлітіпті.

Сыр еліне белгілі абыздардың бірі, әулие Беркімбай көпненің айтқан әңгімесі екен. Сонау соғысқа дейінгі жылдары Қоразбай атамыз

қасында бір топ ауыл ақсақалдарын ертіп, қазіргі Сырдария, Жалағаш аудандарына қарасты жерлерде орналасқан бір ауылдан екінші ауылға келе жатады. Атамыз Қоразбайдың көріпкелдігі бар екен. Бір кезде Қоразбай атамыз «ей патшағар, қайт кейін орнына апарып қой» деп жұртқа түсініксіз себеппен атын қамшылып алға шаба жөнеліпті. Қасындағы кісілер оған бірден ілесе алмай, артынша алда кездескен ауылдың бір үйіне келіп кірген атамызды қуып жетеді. Сөйтсе ол үйде ауыр халде жан тапсырайын деп жатырған жас бойжеткенді қимай жылап-сықтап отырған әке шешесі, бауырлары үстінен түседі. Олар аяқ астынан үйге кіріп келген қолында қамшысы бар, астында қызылқара ат мінген ұзын ақ шаланды басына сөлде ораған ұзын бойлы ақ сұр түсті кісінің келуімен науқастың жағдайы бірден жақсара бастағанын байқап таң қалады. Артынша аздаған уақыттан кейін науқас мүлде айғыып, орнынан тұрып тілге келеді. Аң-таң болған бойжеткеннің туыстары бейтаныс кісінің кім екенін біліп, ауылға қарай келе жатқанда бір қызыл ит адамның көпесін аузына тістеп алып алдынан өте шыққанын көріп, оған тұра ұмтылып артынан қуып, ол итті осы үйдің ауласына дейін қуып келгенін айтады. Қыздың лезде айғыып кетуіне себеп болған қызыл ит кейпіне айналған жын-перінің адам көпесін орнына қайтып салдыруы болған екен.

Өздерінің үйіне атақты молда әулие Қоразбайдың келгенін, оның ауыр халде жатқан қыздарының өмірін сақтап қалғанын білген әлгі үйдің егелері атамызды серіктестерімен қоңақ қылып күтіп, құрмет көрсетіп, алғыс айтып шығарып салыпты.

Асылдарымыз дәріптеп, атын шығаратын емес, олардың үстінен арыздарды қарша боратқан, қудалап, итхеккенге айдапты, атып-асқан, еңбектерің, көрметтерің ұмыттырған заман болды ғой. Бүгінде тоқсан үшке келіп отырған белгілі ұстаз, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Рақымжан қахы Байменов ағамыздың айтуы бойынша Қоразбай, Ысқақ, Құлмағанбет молдалар алғашқыда Қалжан Ахуннан дәріс алып, кейіннен мешіт ашып, балаларды сауаттандырған, кейін Кеңес үкіметі олардың ашқан мешітін жауып, өздерін қуғынға ұшыратқан.

Қазір елді мекендер көшелерін қайта атауды уақытша тоқтату туралы жарияланған мораторий күші жойылуына байланысты жергілікті әкімдер көшелерді ел тарихында қалған адамдар атымен қайта атау жұмыстарына кіріскен екен. Осыған байланысты Жалағаш ауданының Қаракеткен ауылының ардагерлер ұйымының төрағасы мен бір топ ардагер ауыл көшесінің біріне Қоразбай молданың атымен қайта атауды сұрап, аудандық ономастика комиссиясына өтініш жасапты. Мен олардың игі бастамасын қолдаймын. Кейде қала, аудан орталығы мен ауыл көшелері ол жерге мүлдем қатысы жоқ кісілер атымен аталып жатады. Бұл дұрыс емес, көше аты берілетін адамның сол жер тарихына қатысы бар, еңбегі сіңген адам болу керек. Көлешекте ұрпақтарға айтып, олар мақтан тұтуға лайық адам болу керек деп есептеймін. Жоғарыдағы көрсетілген негіздерге сай Қоразбай молда-әулие атымен көше аталуға әбден лайық деп ойлаймын.

Рысбай КӘРІМОВ,
Жалағаш ауданының
Құрметті азаматы

Адалдық — ардың ісі

Қазақта «Ұрлап ішкен олжа жұқпайды, адам болам десең, арыңды ақшаға сатпа» деген адамзатты түзу ойға салатын қанатты сөз аз емес. Ата-бабамыз ұрлықтың түбі қорлық екенін болашақ ұрпаққа, сол кезден-ақ естір құлаққа жеткізіп отқан. Қазір де осы қанатты сөздер қоғам үшін өз құндылығын жоғалтпаған іспетті. Өйткені еліміз әлем мемлекеттері үшін де дерт болған сыбайлас жемқорлықпен күресумен бетпе-бет келіп тұрғаны бәрімізге мәлім. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.



Жалпы елде бұл мәселемен күресте кедергілер жоқ емес. Тәуелсіздік жылдарының басынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттің негізгі міндетіне айналды. Себебі бұл дерт орын алған ортада пара беруші мен пара алушы тұтас мемлекетке, қоғамның дамуына зиянын тигізеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту – бүгінгі күндегі басты мақсат. Сондықтан онымен күрес тоқтаусыз, барынша қатал әрі нәтижелі түрде жүргізілуі тиіс. Ал онымен күрестің тиімділігін арттыру кез келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтары – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін жоғарылату, адамдар арасында жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет бұл – адамның саналы түрде және адамгершілік қасиетімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, пара сұрамау, пара бермеу, мемлекеттің мүлкіне қол сұқпауы.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті» деп жазылған. Бір қымсынатынымыз заң талаптарын заңды шығаратын мемлекеттік қызметкерлердің өздері кейде орындамай кететіні өкінішті. Сол себепті қоғамда азаматтардың заңға деген құрметін арттыратын сана қалыптастыру да қажет-ақ.

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Қазіргі таңда Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресетін арнайы мемлекеттік орган бар. Ол ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет агенттігі деп аталады.

Түптеп келгенде жемқорлықпен күресу тек мемлекеттің ісі ғана емес, қоғамның әрбір азаматының міндеті болып саналады. Сіз құнделікті өмірде қоғам дертімен бетпе-бет келмеуіңіз мүмкін, бірақ сізге қатысы жоқ адамның жемқорлық әрекетіне жұғуыңа факті айналасындағы адамдарға, одан әрі бүкіл қоғам үшін кері әсерін тигізеді. Жең ұшынан жалғасқан көз қысты, бармақ басты сыбайластар, соның ішінде мемлекеттік қызмет тігінін ұстаған жоғары лауазым иелері өздерінің құзреттерін асыра пайдаланып, пара алу барысында құрыққа ілініп, қылмыстық ісі анықталып, заңға сәйкес жазаға тартылып та жатыр. Әйтсе де ол өзгелерге сабақ болмай тұр. Сондықтан «Бір құмалақ бір қарын майды шіртпеді» демекші, әркім жемқорлықпен күресуді өзінен бастаған жөн.

Еліміздегі әрбір Қазақстан азаматының қай қызметте жүрсе де оның қоғамдағы, ұжымдағы ұстанымы тек адалдық, әділдік болуы тиіс. Тіпті жоғарыда айтқанымыздай, әрбір қазақстандық азаматтың бойында болуы тиіс осы адалдық, әділдік секілді адами қасиеттерді біз жас ұрпақтың бойына мектеп қабырғасынан, тіпті отбасынан бастап сіңіруге тиіспіз. Адалдық – ардың ісі. Ала жіпті аттамағаның абыройы биік болары сөзсіз. Ендеше сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасағанда осы сөздер ойымызда тұрғаны абзал.

Олжас АЛДОНҒАР,
аудандық қазынашылық басқармасының
бас маман-бас қазынашысы

Сайлаушылар назарына!

2022 жылдың 31 шілдесіне тағайындалған М.Шәменов ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты сайлау уәкесінің шекаралары.

№133 сайлау уәкесі

Орналасқан жері: М.Шәменов ауылдық округі, М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, "М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының "М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекарасы: М.Шәменов ауылы, №5 "Қараірім" разъезі.

Ескертпе: Уәкесі шекаралары "Жалағаш ауданының аумағында сайлау уәкесілерін құру туралы" Жалағаш ауданы әкімінің 2018 жылғы 7 қарашадағы №18 шешімімен бекітілген.

Вниманию избирателей!

Границы избирательного участка по выборам акима сельского округа имени М.Шаменова, назначенных на 31 июля 2022 года.

Избирательный участок №133

Местонахождение: сельский округ М.Шаменова, село М.Шаменова, улица Бухарбай батыра №6, здание коммунального государственного казенного предприятия "Сельский Дом культуры М.Шаменова" аппарата акима сельского округа М.Шаменова".

Границы: село М.Шаменова, разъезд №5 "Кариарим".

Примечание: Границы избирательных участков утверждены решением акима Жалағашского района от 7 ноября 2018 года №18 "Об образовании избирательных участков на территории Жалағашского района"

Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің округ азаматтарын және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін III тоқсандағы жеке қабылдау кестесі					
р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Бәйділдаев Сағат Сламханұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі Сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін	Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №30	Тел:8 72431-36-2-88 Элект: bugarbay@mail.kz

2022 жылы III тоқсанда “Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі					
№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Елеусінов Омірзақ Тұрымбетұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	32-6-15, 31-3-35, 31-9-96

Сараптама

Кезіндегі адамдарды сарылтып, сағындырып жететін пошташының орнын айшылық алыс жерлерден жылдам хабар жеткізетін сымсыз құрылғылар басты. Жылт еткен жаңалықты жақсысына да, жаманына да қарамастан айдай әлемге жария ететін ғаламтордың дәурені қазір. «Заманына қарай адамы» демекші, бұл да заманның талабы. Осындай кездейсоқ көлбең ете қалған мына бір жантүршігерлік оқиға назарымызды аудармай қоймады. Мұнда «Мектептен қайтып келе жатқан кішкентай екі қыз балаға иесіз иттер тап берді» депті. Балалардың бірі құтылып үлгергенімен, екіншісі оқиғаның құрбаны бола жаздапты. Итке таланған бала аман қалғанымен, денесінде өмірлік жарақат пен психикасында үрей қалды. Аурухана бөлмесінде таңылған баланың түн ұйқысы қырық бөлініп, түнімен шошынып шығады екен. Неткен қорқынышты, өкінішке толы оқиға дерсіз. Осы кішкентай ғана қыздың басынан өткен оқыс оқиғаны оқып отырып, мәселенің мәнісіне үңіліп көрдік. Өзіңіз де не айтпағымызды түсініп отырған шығарсыз. Мұның бәрі салғырттықтан болған оқиға. Ендеше иесіз иттердің жайын саралап көрейік...

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ



КӨШЕ ТОЛЫ ИЕСІЗ ИТ-МЫСЫҚ...

Көптен бері бізді алаңдатып жүрген ойды осы оқиға қозғап жіберді. Өйткені біздің ауданда да осындай аш жүрген иттер көп. Оларды кез келген көшеден кездестіре аласыз. Кезбе иттер көбіне азық іздеп, құл-қоқыстың арасында жүреді. Сондай-ақ адамдар көп шоғырланатын жерге әуес келеді екен. Таңертеңгілік оларды аялдамада, орталық базар маңынан көптеп кездестіруге болады. Жергілікті тұрғындар ішінен балаларының өміріне қауіптенетіндері де аз емес. Өйткені топ-тобымен жүрген иттер кез келген уақытта балаларға шабуыл жасауы мүмкін. Бұлай деуімізге себеп те жоқ емес.

Жалпы бүгінде қаңғыбас иттердің жүрген жері тұрғындар үшін өте қауіпті. Олар алдымен жұқпалы ауруларды тасымалдаушылар және құтыру белгілері байқалғанда адамға шабуыл жасауы мүмкін. Ит қауып алса, еліміз өкеліп соқтыруы да ғажап емес. Қаңғыбас иттер әр жерді паналап, қоқыс қалдығынан тамақ жеп күн көргендіктен, олардың бойында ауру болуы әбден ықтимал. Ал осындай топтанған итке ересектер емес, балалар бетпе-бет келген болса ше? "Мұндай жағдайда балалар болса қайтер еді?" деген сұрақ мазалады. Ал жоғарыда айтқан қайғылы оқиға бізде де орын алмасына кім кепіл?! Жаман айтпай, жақсы жоқ, мәселенің шешімін іздегеннен, оны тудырмаудың жолын іздеген әлдеқайда ұтымды екенін қашан түсінеміз?

ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІ ҚАЙТЕМІЗ?

«Адамдардың денсаулығы, амандығы бөрінен қымбат» деген аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқарма басшысы, ауданның бас санитары да жұқпалы аурулар қаңғыбас, иесіз ит-мысықтардан жұғуы мүмкін деген еді бір сөзінде. Бұл аурулардың алдын алудың бірден-бір жолы егесіз жүрген ит-мысықтардың кезін жою болғандықтан, осының аясында былтырға дейін бюджеттен тиісті қаржы да бөлінді. Бұл үшін арнайы бригада құрылып, иесіз ит, мысықтар жойылып отырды. Аудандық ветеринариялық станциясы ШЖҚ КМК мекемесіне хабарласқанымызда да осындай жауап алдық. Яғни 2020 жылы 1006 ит, 44 мысық ауланып, оның 1050-і жойылса, 2021 жылы жасалған жұмыстың нәтижесінде 1393 ит пен 68 мысықтың 1461-і жойылды. Әрине осында иесіз үй жануарлары көше кезіп жүргенде ешқандай тұрғын зардап шекпеді деу шындыққа сай келмек. Бұл тұрғыда біздің сауалымызға жауап берген аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасы осындай қаңғыбас иттердің қабуынан өткен жылы жарақат алған 59 адам тіркелді дейді. Бұл иттердің 24-нің иесі болса, қалғандары иесіз екені анықталған. Абырты болғанда, ит қапқан адамдардан да, адамға шабуылдаған иттерден де құтырма ауруы анықталмапты. Ал биыл жыл басынан бері 26 адамды иесіз ит қапқаны белгілі болды.

Жауапты мекемелер ит, мысықтарды аулап, жою жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келе жатқанымен, кенттегі қаңғыбас иттерден біржола құтылдық деуге келмейді. Ондай қараусыз үй жануарлары өлі де кездеседі.

Бұл әлгі иттің шабуылынан зиян шеккен тұрғындар жағдайы мен өңімеміздің басында айтып өткен жантүршігерлік оқиғаның тағы қайталануы мүмкін деген үрей туғызып отыр. Ал иесіз иттерді аулап, кезін жоюға рұқсат ететін заңға өзгеріс еніп, жаңа заң жобасының міндеттемесі бойынша көшедегі ит-мысықтарды жою жұмыстары тоқтап тұр. Ал «Жаман айтпай, жақсы жоқ» деген атам қазақ көшқұрым былай тұрсын, тал түсте де көшеде елеңдеумен жүретін болды. Әсіресе ойын баласы бар ата-аналар перзенттері аман-есен үйлеріне оралғанша жандарын шүберекке түйіп отырады десек, артық айтқандық емес. Салғырттық сан соқтырмас үшін жауапкершілікті күшейткен дұрыс дейміз. Сонда заңға жүгінеміз деп, кент көшелерінде еркін жайылған төрт түліктің орнын жоқтатпай тұрған қаңғыбас ит-мысықтарды қайтпекпіз?

КӨШЕДЕГІ ИТТЕРДІ АТУҒА БОЛМАЙДЫ...

«Шаш ал десе, бас алатынымыз» барын несің жасырайық. Өркеніетке қадам басамыз деп дамыған елдердің заңдарын тұқым-туяғымен жұтып жатырмыз десек, әбестік болмас. Дұрыс қой, болатын баланың белін бусаң. Бірақ біреудің қаңсығы бізге таңсық болып тұрғанын неге көрмейміз?! Өркеніетті елдермен иық тірессек, несі жаман дерсіз... Алайда қазақты қазақ қылған тектілігі, өзгеден ерек болмысы мен менталитеті. Ал біз талғамай жұтып жатқан өзге елдің заңдары менталитетімізге сай келе қоймайды. Осы тұрғыдан алып қарасақ, жоғарыдағы алаңғасарлығымызға таң қалмасқа шара жоқ. Заңды жаңадан жасайық, дамыған елдердің даму жолындағы тәжірибелерін тұтынайық, бірақ өзімізге қарай бейімдейік те.

Осы жаңа заңнаманың әзірленуіне еліміздегі өзге ұлт өкілдері түрткі болған деседі. Сонымен қоса жануарларға көмек көрсетіп, қамқорлық қылатын еріктілердің «талап-тілегі» де үкіметке жолданып, қарастыра келе жануарлардың адам қолынан аяусыз зардап шегіп, әлеуметтік желіге салған видеоларын көріп, тиісті орындарға шағымын жеткізіп, адам мен жануар арасындағы мәдениеттің жоғары сатыда тұруы керек екенін айтыпты. Министрлік өкілдері қоғамда қаңғыбас иттер мен мысықтарға еш көңіл бөлінбей өлтіріліп жатқанын ескеріп, бұл заңмен атқарылуы керек деп, жаңа заңның қажеттігін түсініпті. Осы ретте Қызылорда облысының ветеринария басқармасының парақшасында:

«Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою» деген сөздер «Жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды ұйымдастыру» сөздерімен ауыстырылды. Сол себепті қазіргі кезде облыста қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жұмыстары тоқтатылды. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» ҚР Заңына сәйкес алдағы уақытта аулау қызметі облыстың жергілікті атқарушы органы құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымы, сондай-ақ дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар арасында ұйымдастырылатын болады» деп келтірген екен.

Демек, тиісті орынның сөзі де халықтың жанайқайынан хабардар дегенге сайып тұр.



Иесіз ит-мысық: қорғау керек пе, қорғану керек пе?

Аймақта соңғы уақытта қаңғыбас иттердің саны күрт көбейіп, тұрғындарға шабуыл жасау қаупі артқанын олар да біліп отыр екен. «Әттең, қолым қысқаға» салынып әрі заңға қайшы әрекет етуге болмайды деген ұстанымды күн төртбіне қойыпты. Жұмыстың бөріне тоқтау болып тұрған «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» жаңа заң 2021 жылы 30 желтоқсанда қабылданып, биыл 2 наурызда күшіне енген. Бұған дейін аймақта 2020 жылы 21623, 2021 жылы 24820 қаңғыбас ит-мысық ауланып, жойылған. 2022 жылы заң күшіне енгенше де мыңнан аса үй жануарына шара қолданылған. Ал осы заңнаманың қабылдануына түрткі болғандардың менталитеті мен өзіміздің қазекенің менталитетінің үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны көрініп-ақ тұр. Біз қатігез халық емеспіз, бірақ өзгелер секілді жануарлармен бір үйде, бір жерден ауқаттанып өмір сүрмегенбіз. Жаратушы әр жаратылысты жаратқанда өз мекенін көрсетіп берсе, сол орын оған құтты болмақ.

15-ШІ БАП НЕ ДЕЙДІ?

«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» ҚР Заңының 15 бабында жануарларды жансыздандыру және олардың өлексөлерімен жұмыс істеу айтылыпты. Яғни жануарларды жансыздандыруға тек егер олардың физикалық қиналуын өзгеше тәсілмен тоқтату мүмкін болмаған жағдайда, олардың жаңа туған төлінде ауытқулар мен кемістіктер анықталғанын, тіршілік етуге қабілетсіз деп танылғанда, заңнамада айқындалған тәртіппен жабайы жануарлардың санын реттеу, аң аулау мен балық аулау және балық шаруашылығын жүргізу кезінде, адамға, жануарларға шабуыл жасаған жағдайда және адамның өміріне, қолдарың төртіп пен қауіпсіздікке қатер төндіретін жағдайларда, адам мен өзге де жануарлардың өміріне қауіп төндіретін ауру анықталған кезде заңнамаға сәйкес жою кезінде ғана жол беріледі.

Айта кетейік, жануарларды жансыздандыру кезіндегі талаптар қатаң сақталуы керек. Тиісті жұмысты атқарушы орын

жануарларды жансыздандыру кезінде үй-жай басқа жануарлар ұсталатын орыннан бөлек болуың жануарды мәдени, ойын-сауық және демонстрациялау мақсатында пайдалану тиімділігін арттыру үшін жағдайын нашарлататын дәрілік және өзге де препараттарды қолдануға тыйым салынғанын және басқа да заңда көрсетілген талаптарды ескеруге міндетті.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, осы заң аясындағы жұмыстар толығымен қолданысқа еңсе, онда иесіз иттер адамға қауіп төндірмейінше жойылмақ түгіл, жансыздандырылмайды түсінуімізше. «Біз халықтың талап-тілегін түсініп отырмыз. Бірақ қолдан келер шара жоқ. Былтыр мүмкіндік барда қаншама қаңғыбас иттің кезін жою жұмыстары атқарылды. Биыл енді жағдайға қарай қиындап тұр. Жақын арада ауданнан осындай иесіз үй жануарларын ұстауға арналған орталық ашылады деп күтілуде. Мұнда көшеден әкелінген ит-мысықтарға күтім жасалып, оларды жұқпалы аурулардан таза ма, жоқ па деген мақсатта сараптамалық жұмыстар жүргізілетін болады. Егер жануарлар аурудан аман қауіпсіз деп танылса, белгілі мерзімнен соң қайтадан босатылады» дейді аудандық ветеринария бөлімінің маманы. Енді жануарларға жасалатын жағдайға шолу жасап көрейік.

БҰҚАРА НЕ ДЕЙДІ?

– Жақында ғана ит қауып ала жаздады. Әсіресе кешкілік уақытта көшеде жүруге жүрексінеміз. Кентте өмін-еркін қыдырған қаңғыбас иттердің көптігінен жалғыз жүру қауіпті болып, тыныштығымызды қашыруда. Заң қабылданғанына көп болмады, осының өзінде бұл заңның тиімсіздігін аңғаруға болады. Өйткені жануарға сенім жоқ, ол санасыз болары. Ал көшқұрым серуендеуге шыққан балалар үшін уайым жеп отырған ата-аналардың жанайқайы жоғарыға жетсе де, нәтижесіз болды. Күн сайын елдің түкіріп-түкірінен «Ит талап өлтіріпті» деген оқиғаларды естиміз. Біздің ауданда да ит қапқандар бар. Базар маңында, парктарда, ойын алаңдарының маңын торуылдап жүре-

тің иттердің дені аш. Ал аштықтан көзі қанталаған жануардың адамға шаппасына кім кепіл болады?

Мен бұл заңмен мүлде көліспеймін. Қаншама бала көз жұмуда, қанша адам итке талануда, неге бұл сабақ болудың орнына, жағдайды одан сайын қиындататын заңнамаға жол беріліп отыр, – деген кент тұрғыны Н.Айтпаanova (аты-жөні өзгертілді) адамға шабуыл жасағанда барып қаңғыбас иттерді жансыздандыру ақылға қонымсыз екенін ашына айтты.

Ал әлгіндей арнайы орталық ашылса, көшеден ұсталған азүтістілерге тазалық жұмысы жүргізіліп, иесіз иттің иесі табылғанша ол сол жайда 5 күн бойы тамақтанып, ветеринариялық қызметті пайдаланады. Жағдайы жасалған жануардың бұдан бөлек еміне, «буаз» болса «босанбауына» әрекет етеді. Бір күнде бірнеше иттің осындай «қызметтерді» қабылдауына кететін қаржыны аузымызға алмай-ақ қоялық. Басқа жыртқышымызды жамаймай тұрып, жетім-жесірімізді жарылқамай жатып, иттердің қарнын тойғызсақ, қалай болар екен...

Түйін: Не болса да кенттің көркін келтіріп тұрған жасыл-желекті жапырған төрт түлік пен аштықтан адамға анталаған бұралқы иттерден төнетін қауіп-қатерге тоқтау болмай тұр. Ел ішіндегі жиі орын алып жатқан ит қабу дерегіне қатысты тіркелген ақпараттарды айтқанымен, құзырлы орындардың да шарасы жоқтығын білдік. Мәселеге шолу жасадық, сараптап көрдік, енді ақырын күткеннен басқа амал таппай тұрмыз. Адамның қолына қараған төрт түлік пен үй жануарларына еге бола алмай жатып, өркендедік, өстік деу теңізге шелекпен су құйғанмен бірдей. Ал жаңа заңдағы өзгеріс пайда берді дегеннен, мәселені ушықтырды деген дүрыстырақ. Өйткені жануарлардың мәртебесін көтеремін деп, адам өміріне салғырт қарау «Ойға қонымды, адам пайдасына көзделген әділ заңның» жоқтығын білдіреді деп ойлаймыз. Ақырын күтейік, әліптің артын бағайық, ағайын.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Елена Рыбакина – «Үлкен дулыға» жеңімпазы

Қазақ елі үшін жағымды жалалық. Өткен сенбі күні әлемнің 23-ракеткасы, қазақстандық теннисші Елена Рыбакина Wimbledon жарысының финалында әлемнің 2-ракеткасы, тунистік Онс Жаберді жеңіп, Grand Slam турнирінде алғаш рет жеңімпаз атанды. Рыбакина – Grand Slam жарыстарының жекелей сынында жеңіске жеткен қазақ спортындағы алғашқы қазақстандық теннисші. Финалдан кейін жерлесіміз журналистерге берген сұхбатында өз ойымен де бөлісті.

– Мен әрқайсымыздың соңғы ұпайға дейін күресетінімізді түсіндім. Жауапкершілік жүгі де жеңіл емес-ті. Бірақ ақырында жеңіске жетіп, Қазақстан құрамасына үлкен жеңіс сыйлағаныма қуаныштымын. Бізді қолдаған жанкүйерлердің бөріне, сондай-ақ болбалыларға, ұйымдастырушыларға, Болат Жәмішұлы бастаған Қазақстан теннис федерациясына зор ризашылығымды білдіргім келеді, – деді Елена Рыбакина.

Финалға дейінгі ойындарын тамашалаған спортсүйер қауым Еленаның физикалық және ментальды тұрғыдан спорттық бабында екенін 2-3 айналымнан-ақ байқаған сынды. Қазақстандық теннисші бірінші айналымда Кокко Бандевеғені 2:0, екінші айналымда канадалық Бьянка Андреескуді 2:0, үшінші айналымда аспанасты елінің спортшысы Чжэн Циньвэньды 2:0, төртінші айналымда Петра Мартитчы 2:0 есебімен жеңсе, ал ширек

финалда тәжірибелі Айла Томляновичты тартысты кездесуде 4:6, 6:2, 6:3 есебімен басым түсті. Жартылай финалда жерлесіміз «Үлкен дулыға» турнирлерінің бірнеше дүркін чемпионы румындық Симона Халеппен кездесіп, жалпы кездесуде 6:3, 6:3 есебімен қарсыласынан айласын асырған болатын.

Бұған дейін Рыбаканың Grand Slam жарысындағы ең үздік нәтижесі ширек финал болған. Ол 2021 жылы Roland Garros жарысында әлемнің экс-бірінші ракеткасы Серена Уильямсты жеңіп, ширек финалға шыққан. Бірақ ширек финалда ресейлік Анастасия Павлюченковадан жеңіліп, жартылай финалға өте алмаған. Рыбакина екі рет WTA турнирін жеңген. 2019 жылы Румынияда өткен Bucharest Open жарысында, 2020 жылы Австралиядағы Hobart International турнирінде жеңіске жетті. Ол Grand Slam жарыстарына осымен 12 рет қатысып отыр.

Ресейде туып өскен спортшы 2018 жылы Қазақстан азаматтығын алып, осы елдің атынан жарыстарға қатысып жүр. Ол сұхбаттарында теннисті Мәскеуде алты жасынан ойнай бастағанын айтады. Рыбакина басында Ресей атынан жарыстарға қатыспақ болған. Бірақ 2018 жылы маусымда Қазақстан теннис федерациясының шақыртуымен Қазақстан азаматтығын алды. Қазақстан өз тарапынан теннисшінің жаттығын, жеке бапкерінің ақысын, жарыстарға қатысуына қаржы бөледі. Мұны спортшының өзі де жасырмайды.

Әлемдік аренада Қазақстанның туын желбіретіп, абыройын асқақтатып жүрген теннисші қызымыздың жеңістері, еліміздің спорттық жолды енді ғана бастаған жастарымызға үлгі болатыны сөзсіз. Алдағы уақытта Еленаға тек жеңісті сөттер ғана тілеп, спортсүйер қауым атынан рахметімізді айтамыз.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.43.10318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ